

2019

Бижанова Г.Н

Тулекова М.А

Орал қаласы

5 желтоқсан 2024жыл

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Мақсаты: Педагог қызметкерлердің құқықтық мәдениетін арттыру, олардың кәсіби құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормаларды сақтау талаптарын нақтылау және педагогикалық ұжымның кәсіби мәдениетін жетілдіру.

Қатысқандар :

Балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер және педагогикалық ұжым мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Педагогтардың құқықтары
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша

Сөйледі: балабақша әдіскері Айшуакова Г.Н

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы аясында педагог мамандардың құқықтық мүмкіндіктері жөнінде баяндама ұсынылды. Онда педагогтердің кәсіби қызметті атқару барысындағы негізгі құқықтары, шығармашылықпен жұмыс істеу еркіндігі, біліктілігін жетілдіру жолдары, еңбекке қатысты жағдайлары және әлеуметтік қолдау тетіктері жан-жақты қарастырылды.

Сонымен бірге педагогтің кәсіби беделі мен абыройын қорғау, білім беру үдерісіндегі маңызды шешімдерді талқылауға қатысу құқығы туралы да айтылды. Педагог өз құқықтарын толық меңгеріп, оларды заң талаптарына сәйкес қолдана білуі кәсіби міндеттің маңызды бөлігі екені атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша

Сөйледі: балабақша меңгерушісі Бижанова Г.Н.

Педагог қызметкерлердің қоғамдық ортадағы және әлеуметтік кеңістіктегі этикалық ұстанымдары туралы баяндама жасалды. Педагог мәртебесіне сәйкес әдеп нормаларын сақтау қажеттілігі ерекше атап өтілді.

Педагогтің ата-аналармен, әріптестермен және балалармен қарым-қатынаста әдептілік, сабырлылық, жауапкершілік және мәдениеттілік танытуы керектігі түсіндірілді. Сондай-ақ әлеуметтік желілерде, қоғамдық орындарда және қызмет барысында педагогикалық этика талаптарын сақтау маңыздылығы айтылды.

Кәсіби беделді жоғары деңгейде ұстау, ұжым ішінде жағымды орта қалыптастыру және әдеп ережелерін қатаң сақтау қажеттілігі де қарастырылды

Шешімі:

1. Педагог қызметкерлер «Педагог мәртебесі туралы» Заңда көрсетілген құқықтары мен міндеттерін басшылыққа алсын.
2. Құқықтық сауаттылықты арттыру бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізілсін.
3. Педагогикалық әдеп талаптары қатаң сақталып, бақылауда ұсталсын.

- Торайық: **"LauRus 2019"**
Хатшы:

T. Truch-

Бижанова Г.Н

Хатшы:

Туркк

Тулекова М.А

